

"Донорларға қосымша көтермелеу беру туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 6С-43-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облыстық мәслихатының 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 8С-19-8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 6 мамырда № 8926-03 болып тіркелді

Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Донорларға қосымша көтермелеу беру туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 6С-43-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7865 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Донорларға бір реттік қан донациясы үшін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша көтермелеу берілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы

Б.Жусупов